



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес тауарлардың, соның ішінде биржалық тауарлардың (алтын, бидай, жанармай) екінші нарықтағы айналымға түсуіне қосылған құн салығы (ҚҚС) салынады, бұл өз кезегінде отандық тауарлық биржаларында саудаға қатысу үшін жағымды жағдайлар жасауға қайшы келеді.

Қорытындылай келе, еліміздегі биржа қозғалысының келесі позицияларын атап өтуге болады: бұл бәрінен бұрын, ірі мамандандырылған биржалардың экономикалық қуатының артуы; биржалық сауданың, биржалық келісімшарттардың және брокерлік құжаттарды рәсімдеу ережелерінің стандарттандырылуы мен түрлендірілуі; қор және валюталық биржалар санының артуы; форвардтық және фьючерстік келісімдердің артуы; бартерлік келісімдер мен сауда-саттықтың аукциондық қағидаларынан уақыт өте келе бас тарту; биржалық келісімдерді сақтандыру, биржалық құрылымдардың коммерциялық емес ұйымдарға өзгеруі; мемлекетте бірыңғай биржалық кеңістікті қалыптастыру; биржалық заңнаманы детализациялау. Осылайша, кәсіпкерлік саласындағы заңнаманың дамуына мардымды әсер ете отырып, биржалық институт нарықтық экономиканың көптеген негізгі салаларын қамтиды. Сондықтан оның қалыптасуы мен дамуы өткізіліп жатқан демократиялық өзгерістердің мазмұнында қарастырылу керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. «Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 4 мамыр 2009 жылғы Заңы
3. Нұрсұлтан Назарбаев: «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» // <http://egemen.kz/2016/01/06/15445>
4. Белых В.С. Биржевое право : учебный курс/ В.С. Белых, С.И. Виниченко – М.: Инфра-М, Норма. 2001. - 185 с.
5. Роде Э. Банки, биржи, валюты современного капитализма / Пер. с нем. М., 1986. С. 253.
6. Дегтярева О. И., Кандинская О. А. Биржевое дело: Учебник для вузов. М., 1997. С. 8.
7. Биржевая деятельность: Учебник / Под ред. А. Г. Грязновой , Р. В. Корнеевой, В. А. Галанова. С. 8.
8. Қазақстан Республикасының ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсы <http://economy.gov.kz/>
9. Ресей Федерациясында Қазақстан Республикасының Сауда өкілдігі <http://kaztrade.ru>
10. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі <http://www.keg.kz>
11. АҚ «ЕТС Тауар биржасы» [http://www.ets.kz/УДК 349.22:796.071\(574\)](http://www.ets.kz/УДК 349.22:796.071(574))

УДК 345.6(1)

«МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЗАҢНАМАСЫНЫ» ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Қожатаева Ализа Сейсенбекқызы

aliza-96@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ҚҚ-41 тобы студенті, Астана, Қазақстан
Научный руководитель-И.С. Сактаганова

Қазақстан Республикасының 2003 жылы 25 сәуірде қабылданған «Міндетті әлеуметтік сақтандыру Заңына» сәйкес, міндетті әлеуметтік сақтандыру дегеніміз - еңбек ету қабілетінен айрылуына және (немесе) жұмысынан айрылуына, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты, жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне орай табысынан айрылуына байланысты табыстың бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы болып табылады [1].

Міндетті әлеуметтік сақтандыру халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде жұмыс істейтін «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының шеңберімен қамтылатын жеке тұлғалардың еңбек ету қабілетінен және (немесе) жұмысынан айырылуына, сондай – ақ асыраушысынан айырылуына байланысты өздеріне тиесілі табысты (кірісті) толығымен ала алмауына орай, олар алуға тиісті кірістің белгілі бір бөлігін айқындалған тұлғаларға өтеу мақсатында мемлекет тарапынан ұйымдастырылатын, бақыланатын және кепілдік берілетін шаралар мен іс-қимылдар жиынтығын білдіреді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі қызметкерлерге, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында өздеріне табыс келтіретін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарға қатысты әлеуметтік төлемдер олар еңбек ету қабілетінен айырылған, асыраушысынан айырылған, сондай-ақ жұмысынан айырылған жағдайда міндетті түрде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы жүргізіледі. Демек, мемлекет нақтылы азаматтарға (адамдарға, жеке тұлғаларға) қатысты әлеуметтік қатерлі жағдай туындаған кезде олардың Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шарттылықтар негізінде міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік төлемдерді алу құқығына кепілдік береді.

Бүгінде Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыруды құқықтық реттеу Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Сақтандыру қызметі туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің принциптері мен ережелеріне негізделеді. Бұл орайда ескеретін маңызды жәйт, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңындағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда осы халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу және жұмысынан айырылу сияқты әлеуметтік қатерлі жағдайлар ауқымын қамтиды. Әлеуметтік қатерлі мән-жайларды міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамту нәтижесінде еңбек ету қабілетінен және жұмысынан айырылуына, асыраушысынан айырылуына әкеп соқтырған оқиғаның басталуы салдарынан өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы, не ол қайтыс болған жағдайда оның асырауында болған отбасының мүшелері заңға сәйкес тиісті көлемдегі әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ие болады [2, 299 б.].

Міндетті әлеуметтік сақтандыру ауқымында: 1) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың және орындаудың жалпыға бірдейлігі; 2) әлеуметтік төлемдерді қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шараларға мемлекеттік кепілдік беру; 3) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне кепілдік беру; 3) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың міндеттілігі; 4) заңға сәйкес жүзеге асырылатын әлеуметтік аударымдарды тек әлеуметтік төлемдер төлеуге пайдалану; 5) әлеуметтік төлемдерді заңда көзделген мән-жайлар бойынша жүзеге асыру міндеттілігі; 6) әлеуметтік төлемдердің мөлшерін саралау; 7) міндетті әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар қызметіндегі жариялылық тәрізді негізгі принциптер басшылыққа алынады [3].

Міндетті әлеуметтік сақтандыру ауқымында туындайтын материалдық сипатты сақтандыру құқықтық қатынастарының экономикалық-қаржылық базисін құрайтын Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (Қор) қазіргі кезде бірден-бір құрылтайшысы әрі қатысушысы мемлекет болып табылатын акционерлік қоғам нысанындағы кәсіпкерлік емес ұйым сипатында көрініс тауып отыр. Осы қордың активтеріне әлеуметтік аударымдар, төлеу мерзімі өтіп кеткен әлеуметтік аударымдар үшін алынған өсімпұл, инвестициялық табыс, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруға арналған қаражатты және қате есептелген немесе артық төленген қаражатты қайтару сомаларын шегеріп тастағанда,

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген осы Қорға түсетін өзге де түсімдер жатады. Мемлекет осы Қордағы әлеуметтік аударымдардың (қаражаттардың) сақталуына және нысаналы пайдаланылуына кепілдік береді. Бұл ретте мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорындағы әлеуметтік аударымдардың сақталуы: 1) Қордың қызметін әрі оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тиісті нормалар мен лимиттерді белгілеу арқылы реттеу; 2) Қазақстан Ұлттық Банкі арқылы Қорға байланысты инвестициялық қызметті жүзеге асыру; 3) Қордың активтерін инвестициялық басқару жөніндегі барлық операцияларды Қазақстан Ұлттық Банкінде есепке алу; 4) Қордың өз қаражаты мен активтерінің бөлек есебін жүргізу; 5) Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарға шектеулер енгізу; 6) жыл сайын міндетті түрде аудит жүргізу; 7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қордың ұдайы қаржылық және статистикалық есептілігін жасау; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қор активтерін инвестициялау үшін қаржылық құралдар тізбесін айқындауы жолымен қамтамасыз етіледі [4].

Әлеуметтік аударымдарды есептеу тәртібі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін төленетін әлеуметтік аударымдарды есептеу ай сайын жүзеге асырылады. Бұл ретте айлық табыс әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде алынады. Төлеуші әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік төлемдерді есепке алу жөніндегі уәкілетті ұйымның – Орталықтың банктік шоты арқылы есептемелік айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей әлеуметтік аударымдарын Қорға төлейді. Сонымен бірге төлеуші тоқсан сайын есептемелік тоқсаннан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей, өзі тіркелген салық органына міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін есептелген және аударылған әлеуметтік аударымдар бойынша есептемені табыс етеді. Осы орайда ескеретін маңызды жәйт, Қорға уақытылы аударылмаған әлеуметтік аударым сомаларын салық органдары өндіріп алады немесе осы сомаларды мерзімінде төлемеген төлеуші мерзімі өткен әр күн үшін Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 еселенген ресми ставкасы мөлшерінде есептелген өсімпұлмен қоса Қордың шотына аударуға тиіс. Әлеуметтік аударымдар толық немесе уақытылы аударылмаған жағдайда салық органдары жиналып қалған берешек шегіндегі ақшаны (соманы) төлеушінің банктік шоттарынан өндіріп алады. Бұл жерде айта кететін жәйт, төлеушінің банктік шоттары болмаған жағдайда, салық органы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төлеушінің қолма-қол ақшасы есебінен өндіріп алуға құқылы. Сонымен, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төлеушіге хабарлама жіберіле отырып, салық органының инкассалық өкімі негізінде жүргізіледі. Клиентіне қойылатын талаптардың бәрін сақтандыру үшін оның банктік шоттарында ақшасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда банк өз клиентінің ақшасын алып қояды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді. Банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар әлеуметтік аударымдардың берешек сомаларын Қордың шотына осы сомалар төлеушінің банктік шотынан есептен шығарылған күні аударуға міндетті. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі төлеуші де қате төленген әлеуметтік аударым сомаларын қайтарып алуға құқылы. Мәселен бұл ретте төлеушіден Қорға артық төленген әлеуметтік аударымдар сомасын қайтару жөнінде өтініш түскен жағдайда Қор осы өтінішті алған күннен бастап банктік он күн ішінде артық алынған соманы төлеушінің банктік шотына аударуға тиіс. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі қоғамдық қатынастарға қатысушы уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде әлеуметтік төлемдерді тағайындау, әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік төлемдерді есепке алу, Қор қызметіне байланысты реттеу, қадағалау функцияларын іске асыру сияқты және т.б. іс-қимылдарын мемлекеттік әлеуметтік саясат басымдықтарына және әлеуметтік сақтандыру заңнамасына сай жүзеге асырады. Осы орайда әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті

органның құқығына : 1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау; 2) нақтылы тұлғаның (азаматтың) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу; 3) қажетті құжаттардың дұрыстығын тексеру; 4) әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттарды қабылдау және жіберу жөніндегі талаптарды белгілеу жатады. Сонымен қатар, аталмыш уәкілетті орган: 1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы қабылданған шешім жөнінде өтініш берушіге Орталықтың құрылымдық бөлімшелері арқылы жазбаша түрде хабарлауға; 2) әлеуметтік төлемдердің уақытылы әрі толық тағайындалуын және олардың алынуын бақылауды қамтамасыз етуге; 3) әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу мәселелері жөнінде қажетті түсініктемелер беруге міндетті [5].

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының жұмыс істеу ауқымын өз құзыретімен қамтитын уәкілетті орган – қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасының агенттігі: 1) Қордың қаржылық тұрақтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды жүзеге асырады; 2) өзінің бақылау және қадағалау функцияларын қамтамасыз ету үшін Қордың қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысанын, мерзімдерін айқындайды; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қордың басшы қызметкерлері үшін біліктілік талаптарын айқындайды әрі оларды тағайындауға келісім береді; 4) Қордың қызметі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қажетті мәліметтер алады; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қордың қызметіне инспекциялау жүргізеді.

Осы орайда, өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік жүйесіне қатысушы және алушы: 1) заңда тікелей көзделген әлеуметтік қатерлі жағдайлар басталған кезде Орталық пен оның құрылымдық бөлімшелері арқылы әлеуметтік төлемдер тағайындау жөніндегі уәкілетті органға әлеуметтік төлемдер тағайындау үшін өтініш беруге; 2) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуға қарамастан заңда көзделген тәртіппен Қордан әлеуметтік төлемдер алуға; 3) төлеушіден, Орталықтан және Қордан әлеуметтік аударымдар мен есептелуінің толықтығы мен уақытылығы туралы, сондай-ақ әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу тәртібі туралы ақпаратты сұратуға әрі тегін алуға; 4) әлеуметтік төлемдер тағайындайтын уәкілетті органның, өзге де мемлекеттік органдардың, Орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің, Қордың әлеуметтік қамсыздандырудың өздеріне заң жүзінде белгіленген қосымша нысандарын алу жөніндегі құқықтарын шектеулеріне байланысты іс-әрекеттеріне шағымдануға құқылы.

Сөйтіп, жоғарыда баяндалған мән-жайларды мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының құқықтары мен міндеттерін атап өту арқылы түйіндеуге болады. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры міндетті әлеуметтік сақтандырудың қаржылық-құқықтық механизмін құрайды. Қор өз қаржы-қаражаты (жарғылық капиталы және комиссиялық сыйақы) есебінен жұмыс істейді. Қордың инвестициялық қызметі Қазақстан Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асырылады. Халықты әлеуметтік қорғау ауқымының міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтылатын бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жұмыс істейтін Қордың: 1) міндетті әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды жүзеге асыруға; 2) (инвестициялық табыс алу мақсатында) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бағалы қағаздарға және басқа да қаржылық құралдарға байланысты қызметпен айналысуға; 3) өзінің қызметін тиісінше жүзеге асыру үшін комиссиялық сыйақы алуға; 4) Орталықтан қаржы қозғалысы туралы ақпарат алуға; 5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларынан Қордың қызметін қамтамасыз етуге қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқығы бар [6].

Қорытындылай келе, Қордың міндеттеріне орталықтың әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруы үшін қаражаттың уақытылы аударылуын қамтамасыз ету, Қордың уақытша бос қаражатын Қазақстан Ұлттық Банкі арқылы қаржылық құралдарға орналастыру, жыл сайын

аудит өткізуді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді атқару жатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2003 жылы 25 сәуірде №405 бұйрығы қабылданған <http://adilet.zan.kz>
2. С.М. Найманбаев Сақтандыру құқығы: Оқу құралы. Алматы: Жеті жарғы, 2007. - 448 бет.
3. «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР-ның Заңы. 18.12.2001.
4. "ҚР-ның Ұлттық банкі туралы" ҚР-ның Заңы. 30.03.1995.
5. Найманбаев С.М. Қаржылық құқық Алматы, 1994.
6. Страховое дело. Учебник / Под ред. Л.И. Рейтмана. - М., 1992.

УДК 345.2.1

МЕХАНИЗМЫ ВНЕДРЕНИЯ БЮДЖЕТИРОВАНИЯ, ОРИЕНТИРОВАННОГО НА РЕЗУЛЬТАТ В ПРАКТИКУ БЮДЖЕТНОГО ПЛАНИРОВАНИЯ

Қырғызбай Назерке Ерланқызы

gabit.nazerke@mail.ru

магистрант 2 курса специальности «6М030100 - Юриспруденция»

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - И.С. Сактаганова

На каждом этапе развития Казахстана как независимого государства ставилась цель - достижение прозрачного, эффективного и стабильного бюджета, обеспечивающего в максимальной степени нужды населения и качественное выполнение государственных услуг и функций. Эффективное использование бюджетных средств может быть достигнуто не только фискальными мероприятиями, но и повышением логики бюджетного процесса. Одним из механизмов, позволяющих государству осуществлять экономическую и социальную политику, является бюджетная система. Через нее мобилизуются финансовые ресурсы, которые в дальнейшем перераспределяются и используются для решения экономических и социальных проблем общества, обеспечения выполнения государством возложенных на него функций и задач [1].

В своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050» Новый политический курс состоявшегося государства» Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев одним из важных приоритетов модернизации макроэкономической политики назвал совершенствование бюджетной политики: «...даже самые современные объекты становятся бременем для бюджета, если требуют расходов на поддержание, но не приносят доходов и не решают проблем граждан страны».

В настоящее время складываются благоприятные условия для ускорения реформирования и совершенствования бюджетной политики Казахстана, цель которой – создать предпосылки и обеспечить условия для максимально эффективного использования бюджетных ресурсов в соответствии с приоритетами социально-экономической политики государства. Посланием Президента Республики Казахстан Стратегия «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства определено, что «мы должны вооружиться новым принципом бюджетной политики - тратить только в пределах своих возможностей и сократить дефицит до максимально возможного минимума» [2]. Важнейшей составляющей бюджетной политики является система бюджетного планирования, в которой назрела реальная необходимость создания качественно новой системы планирования и мониторинга социально-экономической результативности бюджетных расходов с помощью